**«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ**

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері[1] (бұдан әрі – ЗА) 19 838,39 млрд.[2] теңгені құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

**1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы**

*млрд. теңге*

| Атауы | 01.01.2024 жылға ағымдағы құны | 01.01.2024 жылға үлесі | 01.07.2024 жылға ағымдағы құны | 01.07.2024 жылға үлесі | Жыл басынан өсуі/төмендеуі |
|---|---|---|---|---|---|
| ҚР ҚМ МБҚ | 8 289,48 | 46,55% | 8 796,23 | 44,34% | 6,11% |
| Шетелдік мемлекеттердің МБҚ | 22,36 | 0,13% | 739,58 | 3,73% | 3207,78% |
| ХҚҰ | 359,46 | 2,02% | 344,18 | 1,73% | -4,25% |
| ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары | 14,01 | 0,08% | 15,13 | 0,08% | 7,99% |
| ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары | 1 619,89 | 9,10% | 1 965,99 | 9,91% | 21,37% |
| ҚР ЕДБ облигациялары | 848,05 | 4,76% | 810,03 | 4,08% | -4,48% |
| PPN (құрылымдық ноттар) | 7,23 | 0,04% | 7,65 | 0,04% | 5,73% |
| ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары | 350,53 | 1,97% | 375,10 | 1,89% | 7,01% |
| Депозиттер | 197,21 | 1,11% | 197,19 | 0,99% | -0,01% |
| ҚРҰБ депозиттері | 876,66 | 4,92% | 183,14 | 0,92% | -79,11% |
| Шетелдік банктердегі депозиттер | 0,00 | 0,00% | 79,76 | 0,40% | 0,00% |
| Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат | 48,34 | 0,27% | 9,23 | 0,05% | -80,90% |
| РЕПО операциялары | 26,71 | 0,15% | 151,82 | 0,77% | 468,49% |
| Басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) | 0,00 | 0,00% | 17,77 | 0,09% | 100% |
| **Активтерді индекстік басқару, оның ішінде:** | **5 146,10** | **28,90%** | **6 145,58** | **30,98%** | **19,42%** |
| дамыған елдердің активтері | 1 644,24 | 9,23% | 1 719,41 | 8,67% | 4,57% |
| дамушы елдердің активтері | 1 122,87 | 6,31% | 1 195,46 | 6,03% | 6,47% |
| **сыртқы басқарудағы активтер** | **2 378,99** | **13,36%** | **3 230,71** | **16,29%** | **35,80%** |
| **дамушы елдер облигацияларының мандаты бойынша:** | | | | | |
| Aviva Investors Global Services Limited | 173,41 | 0,97% | 230,94 | 1,16% | 33,17% |
| **ғаламдық акциялар мандаты бойынша:** | | | | | |
| Invesco Asset Management Deutschland GmbH | 170,5 | 0,96% | 250,08 | 1,26% | 46,67% |
| HSBC Global Asset Management (UK) Limited | 311,96 | 1,75% | 445,22 | 2,24% | 42,72% |
| UBS Asset Management (UK) Ltd | 226,16 | 1,27% | 318,73 | 1,61% | 40,93% |
| Blackrock Financial Management | 176,62 | 0,99% | 270,64 | 1,36% | 53,23% |
| BlackRock Investment Management | 116,41 | 0,65% | 188,81 | 0,95% | 62,19% |

[1] *Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған*

[2] *зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Robeco Institutional Asset Management B.V. | 219,38 | 1,23% | 269,17 | 1,36% | 22,69% |
| **инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мандаты бойынша:** | | | | | |
| Principal Global Investors (Europe) Limited | 489,75 | 2,75% | 522,60 | 2,63% | 6,71% |
| PGIM Limited | 494,79 | 2,78% | 531,06 | 2,68% | 7,33% |
| PIMCO Asia Pte Ltd | - | - | 203,47 | 1,03% | 100,00% |
| ***ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы*** | **17 806,03** | **100,00%** | **19 838,39** | **100,00%** | **11,41%** |
| Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақша | 38,97 | | 7,46 | | |
| **Зейнетақы активтерінің жиынтығы** | **17 845,01** | | **19 845,85** | | 11,21% |

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (YTM) 01.07.2024 жылғы жағдай бойынша жылдық 10,14% құрады, оның ішінде теңгеге номинирленген – жылдық 11,58%, шетелдік валютада – жылдық 5,34%.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары**

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есептік айдағы ағымдағы құны 67,90 млрд. теңгеге артты және 8 796,23 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 44,34% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 13,32% құрайтын номинал құны бойынша 282,7 млрд.теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары сатылмады, 176,99 млрд.теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ өтелді.

Есептік күнге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 11,93% құрады.

**Өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары**

Есептік ай үшін өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 1,14 млрд. теңгеге азайды және 739,58 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 3,73% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 5,33% құрайтын номиналды құны бойынша 90,28 млрд.теңге көлемінде АҚШ МБҚ сатып алынды.

Есептік айда 132,17 млрд.теңге көлемінде АҚШ МБҚ бөлігі өтелді. Есептік кезеңде шетелдік мемлекеттердің МБҚ сатылмады.

Есептік күнге БЖЗҚ ЗА валюталық портфелінің өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 5,96% құрады.

**Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары**

Есептік айда халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 14,65 млрд. теңгеге азайды және 344,18 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,73% құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады және сатылмады. Есептік айда 11,17 млрд.теңге көлемінде «Еуразиялық даму банкі» облигацияларының бөлігі өтелді.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен жылдық 11,38%, сыйақының индекстелген мөлшерлемесі – инфляция және сыйлықақы құрады.

**Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер**

Орташа алынған өтеу мерзімі 0,21 жыл болатын ҚР ЕДБ салымдарының ағымдағы құны есептік айда 1,45 млрд. теңгеге ұлғайды және 197,19 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,99% құрады.

ҚР ЕДБ салымдары орналастырылмады және өтелмеді.

Есептік күнге ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,17% құрады.

**ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер**

Есептік күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 183,14 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,92%.

Есептік айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 13,5% орташа алынған кірістілікпен 198,90 млрд. теңгені құрады.

**Шетелдік банктердегі депозиттер**

Есептік күнге шетелдік банктердегі депозиттердің ағымдағы құны 79,76 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,40%.

Қарастырылып отырған кезеңде валюталық портфельдің кірістілігін ұстап тұру мақсатында АҚШ долларына номинирленген шетелдік банкке салымдар орналастырылған. Мәмілелердің орташа көлемі өтеу мерзімі 12 күннен 66 күнге дейін және жылдық 5,48% орташа алынған кірістілікпен 39,30 млрд.теңге құрады.

**Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары**

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 15,13 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,08% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынбады, сатылмады және өтелмеді.

**Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары**

Есептік айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 36,18 млрд. теңгеге ұлғайды және 1 965,99 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 9,91% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 14,05% құрайтын номиналды құны бойынша 8,12 млрд.теңге көлемінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ облигациялары сатып алынды.

Есептік кезеңде ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының бағалы қағаздары сатылмады, 14,85 млрд.теңге көлемінде ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары ішінара өтелді.

Есептік күнге ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген жылдық 11,0%, АҚШ долларына – жылдық 5,5% құрады.

**Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары**

Есептік айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 4,20 млрд.теңгеге ұлғайды және 810,03 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 4,08% құрады.

ҚР ЕДБ облигациялары сатып алынбады және сатылмады.

Есептік күнге ҚР ЕДБ облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 10,2% құрады.

**Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттары)**

Есептік айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) ағымдағы құны 7,65 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,04% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

**Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары**

Есептік айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 24,27 млрд. теңгеге азайды және 375,10 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,89% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

**Валюталық құрылым**

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде келтірілген.

Есептік кезеңде зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейде ұстау мақсатында инвестициялық портфелді түрлендіру үшін Қазақстан қор биржасында 293,00 млн. АҚШ доллары сатып алынды.

**2-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы**

*млрд. теңге*

| Валюта | 01.01.2024 жылға ағымдағы құны | 01.01.2024 жылға үлесі | 01.07.2024 ж. ағымдағы құны | 01.07.2024 ж. үлесі | Жыл басынан өсуі/төмендеуі |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұлттық валюта | 12 161,38 | 68,30% | 12 580,29 | 63,41% | 3,44% |
| АҚШ доллары | 5 639,89 | 31,67% | 7 257,29 | 36,58% | 28,68% |
| Басқа валюталар | 4,76 | 0,03% | 0,81 | 0,00% | -82,98% |
| **Жиыны:** | **17 806,03** | **100,00%** | **19 838,39** | **100,00%** | **11,41%** |

**Инвестициялық қызметтің нәтижелері**

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2024 жылдың басынан бері есептелген инвестициялық кіріс көлемі 1,23 трлн. теңгені құрады.

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген соңғы 12 ай үшін БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 8,40% болғанда 13,08% құрады. 2024 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 6,59% құрады.

2024 жылғы маусымда АҚШ-тағы инфляция деңгейінің төмендеуі және еңбек нарығының «салқындауы» аясында АҚШ базалық мөлшерлемесі бойынша нарық күтуі ұлғайды. Осылайша, нарық күтулеріне сай, мөлшерлеменің төмендеу ықтималдығы 2024 жылдың қыркүйек айында бір ай бұрынғы 46% орнына шамамен 56% құрады. Бұл ретте АҚШ ФРЖ өкілдерінің риторикасы инфляцияны 2% нысаналы деңгейге дейін төмендетудің тұрақты тенденциясын растайтын деректерді көбірек алғанға дейін мөлшерлемелерді жоғары деңгейде ұзақ уақыт ұстауға икемделе отырып ұстамды болуды жалғастырады.

Осыған байланысты, АҚШ-тың эталондық 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі маусымда 18 базалық тармаққа ұлғайды. Корпоративтік облигациялар бойынша және дамушы елдердің облигациялары бойынша спредтер 7,73 базалық тармаққа және сәйкесінше 7,72 базалық тармаққа кеңейді. Мұнымен бірге, MSCI World акцияларының индексі 1,69%-ға артты.

ҚР МБҚ орналастыру бойынша аукциондарда маусымда ҚР МБҚ қисығының барлық мерзімдері бойынша кірістіліктің ұлғаюы байқалды. Бұл ретте ҚРҰБ маусымда базалық мөлшерлемені 25 базалық тармаққа 14,50% дейін төмендету туралы шешім шығарды. ҚР МБҚ аукциондарында орташа сұраныс ұсыныстан 1,4 ретке асып түсті, бұл ретте негізгі сұраныс

қысқа мерзімді МБҚ орналастыруларына шоғырландырылды. Мұнымен бірге ҚР ҚМ 463 млрд.теңгеден 838 млрд.теңгеге дейін қарыз алу көлемінің ұлғаюы байқалады.

**28.06.2024 жылға ҚР МБҚ қисығы**




Көрсетілген кезеңге есептелген инвестициялық кіріс құрылымы 3-кестеде көрсетілген.

**3-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы**

*млрд. теңге*

| Атауы | 2024 жыл үшін инвестициялық кіріс |
|---|---|
| Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі және бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістер | 775,76 |
| Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан кірістер (шығындар) | -49,79 |
| Шетелдік валютаны қайта бағалаудан кірістер (шығындар) | 148,36 |
| Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер (шығындар) | 357,44 |
| Басқа кірістер (шығындар) | 1,69 |
| **Жиыны:** | **1233,45** |

## Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының[3] талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды. 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 4-кестеде көрсетілген.

**4-кесте. БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері**

| № | Қаржы құралының түрі | Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайыздарбен) | Орындалуы (иә/жоқ) |
|---|---|---|---|

[3] *Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы*

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **KZT ақшалай қаражаты** | 0,01% | иә |
| | **Шетелдік валютадағы ақшалай қаражат** | **0,06%** | иә |
| **1** | **Қазақстандық қаржы құралдары:** | **61,88%** | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | 44,34% | иә |
| 1.1.1 | Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | 0,00% | иә |
| 1.2 | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері | 0,92% | иә |
| 1.3 | Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары | 11,48% | иә |
| 1.4 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде: | 4,82% | иә |
| 1) | реттелген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар | 3,75% | иә |
| 2) | үлестік бағалы қағаздар | 0,07% | иә |
| 3) | депозиттер | 0,99% | иә |
| 1.5 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары | 0,00% | иә |
| 1.5.1 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі және/немесе кепілдемесімен шығарылған мемлекеттік емес борышты бағалы қағаздары | 0,00% | иә |
| 1.6 | Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасы Екінші деңгейдегі банктерінің инвестициялау сәтіндегі Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізімінің "Премиум" санатына кіретін немесе оған ұқсас не нарықтық капиталдандырылуы үш триллион АҚШ долларынан асатын әлемдік қор биржаларында листингі бар үлестік емес үлестік бағалы қағаздарды қоспағанда, мемлекеттік емес үлестік бағалы қағаздар | 0,32% | иә |
| 1.7 | Қазақстан Республикасы қор биржасының және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы ресми тізіміне енгізілген исламдық қаржыландыру құралдары | 0,00% | иә |
| 1.8 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтердің (ABS) кепіліне бағалы қағаздар | 0,00% | иә |
| **2** | **Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:** | **35,60%** | иә |
| 2.1 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік, агенттік және бағалы қағаздары | 20,74% | иә |
| 2.2. | Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау аясындағы муниципалды бағалы қағаздар | 0,00% | иә |
| 2.3 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар | 6,12% | иә |
| 2.4 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтері (ABS) кепілдігіне бағалы қағаздар | 0,00% | иә |
| 2.5 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау аясында конвертацияланатын бағалы қағаздар | 0,00% | иә |
| 2.6 | Акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар | 8,30% | иә |
| 2.7 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар) | 0,40% | иә |
| 2.8 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВВ-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер | 0,04% | иә |
| 2.9 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ислам қаржыландыру құралдары | 0,49% | иә |

| № | Қаржы құралының түрі | Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайызбен) | Орындалуы (иә/жоқ) |
|---|---|---|---|
| 1 | Туынды қаржы құралдары, олардың ішінде: | 0,00% | иә |
| 1.1 | Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары | 0,00% | иә |
| 1.2 | Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары | 0,00% | иә |
| 1.3 | Құймадағы және металл шоттардағы алтын | 0,00% | иә |

## БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

**5-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер**

| Құрал түрі | Валюта | Бағалы қағаз эмитенті | Номинал құны теңгемен |
|---|---|---|---|
| АҚШ МБҚ | USD | АҚШ Үкіметі | 90 276 000 000 |
| ҚР МБҚ | KZT | ҚР Үкіметі | 282 700 000 000 |
| КМС облигациялары | KZT | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ | 8 116 236 000 |
| **Жиыны** | | | **381 092 236 000** |

**6-кесте. Есептік айда бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәліметтер**

| Құрал түрі | Валюта | Бағалы қағаздар эмитенті | Өтеу сомасы теңгемен |
|---|---|---|---|
| АҚШ МБҚ | USD | АҚШ Үкіметі | 132 166 790 000 |
| ҚР МБҚ | KZT | ҚР Үкіметі | 176 988 104 000 |
| ХҚҰ облигациялары | KZT | Еуразиялық даму банкі | 11 168 855 000 |
| ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары | KZT | «Қазақстан Даму Банкі» АҚ | 14 850 000 000 |
| **Жиыны** | | | **335 173 749 000** |

**7-кесте. Есептік айда салымдарға орналастырулар бойынша мәліметтер**

| Құрал түрі | Валюта | Бағалы қағаздар эмитенті | Орналастыру смасы теңгемен |
|---|---|---|---|
| Салым | USD | Dbs Bank LTD | 46 472 000 000 |
| Салым | USD | Bank of Nova Scotia, London Branch | 32 120 880 000 |
| **Жиыны** | | | **78 592 880 000** |